

# ӘЛЕМ САҢЛАҚТАРЫ РИДДЕРДЕ

Бесінші наурызда Риддер қаласындағы орталық алаңда шаңғымен спорттық бағдарлаудан әлем кубогының шешуші кезеңінің салтанатты ашылуы болды.

Сағат 16-ға таман алаңға қонақтар мен риддерліктер жан-жақтан ағылып келе бастады. Міне, Черемшанка кентіндегі үрмелі оркестрде ойнайтын балалар ашық аспанды музыка әуеніне бөледі.

Риддерге алыс, жақын шет елдер өкілдері, атап айтқанда, Белоруссияның, Финляндияның, Германияның, Қырғызстанның (олар осындай деңгейдегі жарысқа бірінші рет қатысады), Норвегияның, Ресейдің, Румынияның, Швейцарияның, Швецияның, Украинаның, Эстонияның - жалпы жиыны 12 команда келді. Саптық шеруді Қазақстан құрама командасы аяқтады. Алаңда әр елдің мемлекеттік тулары көтерілді. Көрермендер қонақтарды қол соғып, қошеметпен қарсы алды.

Кубоктың салтанатты ашылуына облыс әкімінің орынбасары Аманкелді Тәженов, Риддер қаласының әкімі Нұрлан Тілемісов, Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрінің орынбасары Виктор Абаимов, халықаралық спорттық бағдарлау федерациясының вице-президенті Хью Камерон (Австралия), жарыстың бас төрешісі,

халықаралық дәрежедегі төреші Алексей Кузьмин және басқалары қатысты.

Аманкелді Тәженов спортшылар мен көрермендерді жарыстың ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ол қонақтарға біздің өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктерін, географиялық орналасуының байланысты кеңейтуге аса қолайлы екенін айтып, облыстың тыныс-тіршілігімен жан-жақты таныстырып өтті.

Біздің спортшылар халықаралық ареналарда айтарлықтай көрсеткіштерге жетуде. Соңғы он жылдан бері Қазақстан құрамасы Тынық мұхит аумағы мен Азия чемпионаттарында үнемі жүлделі орындарды иеленуде. Бүгінгі дүбірлі халықаралық жарыстың біздің елде өтуі де осыдан болар.

Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан спортшыларды Виктор Абаимов құттықтап, елімізде спорттық бағдарлауды дамытудың барысы жайлы айтып берді.

Одан соң, алаңға салт аттылар



шығып, қонақтарға қазақтың ұлттық ойыны - көкпар өнерінің көріністерін көрсетті. Қазақтың ұлттық киімдерін киіп шыққан қыздар бір шаңырақ астында халықтар достығын, қонақжайлылығымызды деріптейтін музыкалық-хореографиялық композиция қойды.

Ал келесі күні әлем кубогының шешуші кезеңі басталды.

**Наталья ЛАЮРОВА.**

*СУРЕТТЕ: әлемдік жарыстың ашылу салтанаты.*

**Суретті түсірген А. МАЗНИЦИН**